

«Біз балалармен қалай сөйлесеміз?»»



«Біз қалай балалармен сөйлесеміз?»

Ата-аналарға арналған кеңес

Сіз баламен «бала сияқты» сөйлесу баланың дамуына ықпал ететінін білесіз бе? Сіз осы мастер-класста баламен қалай сөйлесу болатындығын туралы барлық сұрақтарға жауап таба аласыз. Доктор Марина Калашникова балалардың тілді қалай үйренетіні туралы зерттеу жүргізеді және сізге балалармен сөйлеу ерекшеліктері туралы көбірек айтып береді:

Сіз нәрестелер анасының құрсағында дауыстарды ести бастайтынын білдіңіз бе? Өте кішкентай балалар сөздердің мағынасын түсінбейді, бірақ балалар тілін пайдалану кезінде дауыстың жоғары үнін естиді және оның негізінде оқиды. Балалар сөзі «гу-гу» немесе «га-га» сияқты балаларға тән дыбыстарды айтумен ғана байланысты емес. Ол прожектор ретінде әрекет етеді: балалар өз айналасында көптеген дыбыстарды естиді, алайда балалар сөйлеу дыбыстарды етсіген кезде олар мұқият тыңдайтын уақыты келгенін түсінеді. Нәрестеге қатысты күнделікті іс-әрекеттерді жасағанда, мысалы, тамақтану, шомылу немесе балаңызбен ойнау кезінде нәресте сөйлеуді қолданған дұрыс. Балалармен сөйлесу сәбилермен күлкілі және сүйкімді тілдесу тәсілінен әлдеқайда көп нәрседен тұрады. Шын мәнінде, көбінесе ол біздің қалай сөйлейтіндігімізге байланысты. Балаға күтім жасайтын ата-аналар, не қамқоршылар олармен сөйлескенде әдеттегідей тілдеседі, бірақ оны барынша қарапайым қылады: сөздерді жиі қайталайды және баяуырақ сөйлейді. Сонымен қатар балалармен тілдескенде біз анағұрлым мәнерлі мимиканы пайдаланамыз: мысалы, біз аузымызды кеңірек ашамыз, қасымызды көтереміз және жиі күлімдейміз. Осының арқасында бала оған бағытталған сөзді естіп қана қоймай, оған қоса оны көре де алады. Кейде ол әсіресе көп сөйлегіш болып кетеді. Ата-аналар өз сәбилерін сөйлеу ағынына енгізуі тиіс. Өздеріне жолданған сөзді жиі есту кішкентай балаларға өзінің тілдік қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Мұндай сөйлеу прожектор сияқты әсер етеді: балалар өз айналасында көптеген дыбыстарды естиді, алайда балалардың сөйлеуін естіген кезде олар мұқият тыңдайтын кез келгендігін түсінеді.

Бұның екі себебі бар:

1. Біріншіден, балаға бағытталған сөз оңай естіледі. Өте кішкентай балалар сөздердің мағынасын түсінбесе де, баланың сөзін пайдаланғанда дауыстың басым үнін естіп, сол арқылы сөйлеуді үйренеді.
2. Екіншіден, балалар оларға бағытталған сөзді тыңдағанды ұнатады. Оларға балаларға арналған сөздің айрықша әуезді үні мен жағымды эмоциялары ұнайды. Ересек адамдармен қолданатын сөйлеумен салыстырғанда, баламен сөйлеу мәнері олардың назарын көбірек аударуға көмектеседі. Көпшілігіміз кішкентай баланы көргенде баламен сөйлесудің мәнерін сезікті түрде қолданамыз. Алайда ол әркімнің қолынан келе бермейді. Атааналар оны бастапқы шақтан тәжірибе жүзінде қолдану арқылы балаға негізделген сөйлесудің мәнерін түсініп, үйренгендері жөн.

Балалардың сөйлеуін тәжірибеде қолдану үшін балаңызға қатысты күнделікті істерді атқарғанда, мысалы, балаңызды тамақтандырғанда, немесе суға түсіргенде, немесе онымен ойнағанда қолданған дұрыс. Сөзіңізді аздап түрлендіргіңіз келсе, сіз сондай-ақ балаңызға кітапшалардағы суреттерді немесе оның сүйікті ойыншықтарын сипаттап берсеңіз болады – бұл оған ұнайды.

Балаға бағытталған сөз сәбилердің ата-аналарға деген ерекше қарымқатынасын орнатуға көмектеседі, осылайша олар өздерін сүйікті және қорғалған болып сезінеді және мазасызданбайды. Сөйлеудің бұл түрі баланың миын ынталандырып, оны тіл меңгерудің күрделі міндетіне дайындайды. Қорғау мен ынталандыру ерте жаста мидың дамуы үшін аса маңызды үш фактордың ішіндегі екеуі болып табылады. Үшінші факторға салауатты тамақтану жатады. Бұл факторлардың үйлесімін біз «тамақтан, ойна, жақсы көр» деп атаймыз.

Балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша ата-аналармен
консультациялар өткізу.
«Біз балалармен қалай сөйлесеміз?» кеңес беру

